

Өзбекстан Республикасы Наманган мемлекеттік педагогикалық институты  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті  
"Өрлеу" БАҰО АҚ филиалы "Ақтөбе облысы бойынша Кәсіби даму институты"  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
Ресей Федерациясы Өндірістік басқару академиясы  
Қазақ – Орыс Халықаралық университеті  
«Халықаралық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның  
дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры



**ӨРЛЕУ**  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ  
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



**AUEZOV**  
UNIVERSITY  
1943



## «БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ»

атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының  
**МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**



12 мамыр 2023 жыл,  
Ақтөбе қаласы

<i>Таткенова Г.Х</i> «Болашақ ұрпақты патриоттық сезімге тәрбиелеудегі кіріктірілген қазақ тілі мен әдебиет сабақтарындағы жанартылған білім беру бағдарламасының тиімділігі».....	102-105
<i>Даутова М.О</i> «Мектептегі робот техникасының қашықтықтан оқытудың ерекшелігі».....	105-106
<i>Суханбердиева Ж.Б</i> «Stem технологиясының сабақ процесіндегі маңызы».....	106-108
<i>Усманова А.Н., Байтурлиева А.А</i> «Балалардың ерте дамуы».....	109-110
<i>Тубирова А.Е., Бижанов Н.Х</i> «Білім беруді цифрландырудың өзектілігі».....	111-113
<i>Жанысбекова М.К</i> «Биология пәнін оқытудың әдістері».....	113-115
<i>Жанысбаева А.Т</i> «Педагогикалық технологиялардың бірі сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың тиімділігі».....	115-117
<i>Адилова М.Б</i> «Инклюзивті білім беру».....	117-119
<i>Жұмабай Д.А</i> «Білім берудегі цифрландыру».....	119-121
<i>Қадыржанова Ж.Е</i> «Заманауи педагог имиджінің ерекшеліктері».....	121-123
<i>Ахметғалиева И.М</i> «Трансформация ДО в условиях цифровизации».....	123-124
<i>Акмухамбетова А.Ж., Сексембаева З.А</i> «Воспитание нового казахстанского патриотизма-как один из факторов консолидации общества».....	124-126
<i>Тажмуханов Б.Ж</i> «Дене тәрбиесінің педагогикалық, физиологиялық жаңа технологиялары».....	126-128
<i>Азимбаева Т.К</i> «Білім беруді цифрландыру».....	128-131
<i>Абданбекова Р.Д</i> «Бастауыш білім: тәжірибе және инновация».....	131-133
<i>Каппарова А.Ж</i> «Қашықтықтан оқыту жағдайындағы қосымша білім берудің өзекті мәселелері».....	133-135
<i>Жубалова Д.М</i> «Влияние матери на раннее развитие ребенка».....	135-137
<i>Шуишалина А.К</i> «Особенности развития современного ребенка».....	137-138
<i>Кудасова А.Р., Қуанышбаева А.К</i> «Создание интерактивных и текстовых заданий при дистанционном обучении».....	138-140
<i>Боданова М.К</i> «Сандық технология және мұғалім тұлғасы».....	140-142
<i>Афиногенова Н.В</i> «How to initiate effective cooperation with generation Z and their parents in school community? A quantitative study of one of the schools in Aktobe».....	142-144
<i>Салиева Д.Б</i> «Жаратылыстану ғылымдарында инновациялық технологияларды қолдану маңызы».....	144-146
<i>Жардемova А.А., Нурмухамбетова К.С</i> «Подготовка и проведение групповых занятий в инклюзивной практике».....	146-148
<i>Назбекова Ж.Б., Құлмағамбетова Г.Н</i> «Жас ұрпақтың рухани адамгершілік тәрбиесі».....	148-150
<i>Аймаханова Н.М., Казанганова Ш.А</i> «Ұлттық тәрбие аясындағы баланың дамуы».....	150-151
<i>Алдабергенова Г.У., Буркитбаева Ж.М</i> «Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін түзеті-дамыту жұмыстың әдістері, олардың түрлері және тиімділігі».....	152-153
<i>Утеғалиева С.Г., Спандиярова Г.С</i> «Урок русского языка в условиях инклюзивного образования».....	153-154
<i>Мазипова А.Ж</i> «Қазіргі білім берудегі мәселелер және педагогтың кәсіби өсуі».....	154-156
<i>Жұматова Ж.Я., Коршикова В.В</i> «Исследовательская деятельность педагогов музыкантов в организации и проведении вокально-хоровой работы».....	156-158
<i>Абитова А.Б., Гауриева Г.М</i> «Teaching culture through video clips in english language classroom».....	159-160
<i>Молдаш Ж.С</i> «Қазіргі мектеп-гимназияларында мұғалімнің кәсіби дағдысын дамыту».....	161-162
<i>Азырова А.Б</i> «Заманауи тренд — Stem білім беру».....	162-164
<i>Ысқақ Д.Қ</i> «STEAM білім беру – балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту технологиясы».....	164-166
<i>Айдарбаева Г.Б</i> «Білім беруде цифрлық ресурстарды пайдаланудың тиімділігі».....	166-167
<i>Ерекешова А.М</i> «Адамгершілік – рухани тәрбие бастауы».....	167-170
<i>Қунжарикова Г.Ч</i> «Духовно-нравственное воспитание подрастающего поколения».....	170-171
<i>Байниязова Б.Ж</i> «Баланы ерте дамытудағы – ойынның маңызы».....	171-173
<i>Сәрсенбаева О.А</i> «Заттық дамытушы орта - білім беру ресурсы».....	173-174
<i>Бисеналина Д.Н</i> «Ойын түрлерін оқыту әдісі ретінде қолдану арқылы балалардың танымдық қызығушылығын арттыру».....	175-176
<i>Қуспанова Ж.Б., Қуспанова А.Б</i> «Бастауыш класс оқушыларының когнитивті қабілеттерін дамыту».....	176-179
<i>Абитова М.С</i> «Развитие критического мышления у детей на уроках Английского языка».....	180-182
<i>Түлеуова Д.Х., Бахитова Д.К</i> «Проведение уроков математики в условиях инклюзивного обучения».....	182-184
<i>Балмухамбетова Ж.Х., Дәрібаева А.А</i> «Формирование связной речи у детей с нарушением зрения».....	184-186
<i>Сабетова А.О</i> «Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі».....	186-187
<i>Өтесінова Б.Х</i> «Адамгершілік – рухани тәрбие маңыздылығы».....	187-189
<i>Хамзина Б.Е., Козбагарова Г.Б</i> «Балалардың ерте дамуы».....	189-191
<i>Умбетова Д.К., Құлқушев Г.В</i> «Инклюзивное образование: проблемы и решения».....	191-192
<i>Шакенова Ж.К., Бисенова А.Р</i> «Баланың қалыптасуы сәби кезінен басталады».....	192-195
<i>Бримова З.Ш., Кенжебаева Г</i> «Рухани-адамгершілік тәрбие бастауы-балабақшада».....	195-196
<i>Нагидулина Р.У., Баймаганбетова К.Б</i> «АКТ-ны қолданудың тиімді жолдары».....	196-199
<i>Оразова Г.Б</i> «Білім беру процесінде цифрлық құралдарды қолдануды өзгерту – заман талабы».....	199-202

## **ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСІ РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫГУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ**

Мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі белсенді қызметі ойын. Баланың жеке қасиеттері әр жас кезеңінде белсенді әрекеттер негізінде қалыптасады. Баланы ерте жастан өз бетінше білім алуға, үйренгенін қолдана білуге дағдыландыру аса маңызды. Педагогтің білімді өз бетінше, шығармашылықпен үйрену процесін дұрыс және тиімді ұйымдастыруы маңызды болып табылады. Л.Выготский сонымен «мектепке дейінгі балалық шақты ерекше ұйымдастырудың» маңыздылығын атап көрсеткен. Д.Эльконин және Л.Выготский оқу процесінің ерекшелігін – сабақтастығы мен үздіксіздігін сақтай отырып, ойын арқылы оқытуды ұйымдастыру қажеттігіне назар аударған.

Ойын түрлерін оқыту әдісі ретінде қолдану балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Ойын арқылы оқыту технологиясының негізгі элементтері:

- ойынның алдында нақты мақсат қойылады;
- нақты педагогикалық нәтижеге қол жеткізіледі;
- оқу қызметі ойын тәртібіне бағынады;
- оқу материалдары ойын құралдары болып табылады.

Тәрбиелеу мен оқытуға арналған тапсырмалар мен ойындарды үш топқа бөлуге болады:

- педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойындар;
- құрылымдалған ойындар;
- еркін ойындар.

Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойында педагог ойынға қажетті материалдармен балаларды қамтамасыз етіп, ойынды бастап береді немесе ойынды бағыттау не баланы бағдарлау үшін ойынға қосылады. Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын барысында әдетте балаға қашан және не істеу керектігі жөнінде нұсқаулар беріледі. Сонымен қатар ойынның айқын құрылымы балаға ойынның ақырғы нәтижесіне жету үшін қандай қадамдар мен іс-әрекеттерді орындау қажет екендігін түсінуге мүмкіндік береді. Ойынның ерекшеліктері балалар үшін алаңсыз ойнауға жағдай жасалған ойын/оқу ортасын қамтамасыз етеді, бала мұндай ортада басқа балалармен өзара қарым-қатынаста ойынға қажет дағдыларын дамыта алады. Бала ойын ережелеріне сәйкес іс-әрекеттерді ұғынып алған соң, ойынды өз бетінше бастап, басқалардың көмегінсіз өзі аяқтай алатын болады.

Құрылымдалған ойын – мектеп жасына дейінгі балаға белгілі бір дағдыларды үйретуге және дамытуға бағытталған ойын түрінде ұйымдастырылған іс-шара. Құрылымдалған ойынға әртүрлі қимыл-қозғалыс ойындары мен жаттығулар (секіру, өрмелеу), суды, құмды, саз балшықты пайдаланатын ойындар, арт-терапия түріндегі ойындар (саусақпен, қылқаламмен, пастель бояулармен, түрлі-түсті қарындаштармен сурет салу) жатады.

Құрылымдалған ойында қолдануға болатын материалдарға су, құм, саз, ермексаз жатады, бала бұлардың көмегімен өзінің ой-сезімдерін білдіре алады. Балалардың сумен, бояулармен, сазбен ойнауы олардың сезімдерін білдіруіне және белгілі бір нәтижеге, жетістікке жету сезімін сезінуге мүмкіндік береді.

Еркін ойын нақты шекаралары мен ережелері жоқ, бала қалағанын жасайтын ойын түрі. Бұл ойынның маңыздылығы балалардың өзара қарым-қатынасын дамытуымен байланысты. Еркін ойын балалардың талқылау, проблеманы шешеу, қақтығыстардың алдын алу, келісімге келу және т.б. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Балалар 2-3 жастан бастап аса белсенді бола бастайды. Олар өз белсенділігін тынымсыз іс-әрекеттері арқылы көрсетеді: ойыншықтарды алып бөлменің бір шетінен екінші шетіне жүгіреді, аласа орындықтарға, дивандарға мінеді және қайта түседі, әрі-бері жүреді немесе жүгіреді, автомашиналар мен басқа да дөңгелекті ойыншықтарды жүргізеді, допты лақтырады немесе тебеді, т.б. Өз бетінше еркін қимыл-қозғалыс жасау бала дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылады, сондықтан балабақша тәрбиешісі бөлмеде де, ауладағы алаңда да балалардың қимыл-қозғалысын жетілдіруге қажетті бос орынның, ойыншықтар санының, құрал-жабдықтардың жеткілікті болуын қадағалауы тиіс.

Педагог балалардың өз бетінше еркін ойынына жанама түрде жетекшілік жасай білуі керек. Ол ойынды бақылай отырып, кімнің қай ойынды немесе ойыншықты ойнай алмайтынын, кімнің аз қозғалатынын, ал кімнің, керісінше, тынымсыз екенін байқауы тиіс. Балалардың дербес ерекшеліктері мүмкіндіктерін ескере отырып, педагог олардың іс-әрекетін мұқият басқарып отырғаны жөн. Ол балалардың біреуіне жаңа ойыншықпен ойнауды үйренуіне көмектеседі, енді біреуіне бірге доп ойнауды ұсынады, ал тағы біреуіне тыныш отырып ойнайтын ойын тауып бере алады. Әдетте кішкентай балалар, әсіресе, бірінші кіші жас тобының балалары жеке ойнағанды жақсы көретінін ескере отырып, педагог олардың жеке ойнауына мүмкіндік беруі тиіс, сонымен қатар балаларды бірлескен ойынға тартуға ұмтылуы керек.

Еркін ойын баланың өмірінде толыққанды орын алуы керек және ережелерге негізделген құрылымдалған ойындардан көбірек болуы керек. Еркін ойын арқылы бала өзінің эмоциялық көңіл-күйін қалпына келтіреді, өмірдегі көңілсіз жағдайларды еңсереді, ойын барысында бастаманы өз қолына алады. Әрбір бала ойнай алады, оған ойнауды үйретудің қажеті жоқ, тек баланың еркін ойнауына жағдай жасау керек.

Ойын мектепке дейінгі ұйымда оқытудың негізі түрі ретінде баланы дамыту тұрғысынан қажеттілігіне қарай құрылымдалған, еркін және педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын болуы мүмкін. Ойынды ойын-сауық ретінде қарастырып, іс-әрекетті таңдауды балалардың өз еркіне қалдыруға болмайды. Кез-келген ойын келешекте білім алуға пайдалы болатын нақты дағдыларды дамытуға бағытталуы керек. Сондықтан педагог ойын түрлерін, оның ішінде еркін ойында таңдауға ерекше көңіл бөлуі керек, өйткені ойын барысында бала өзіне қажетті құзіреттіліктерді қалыптастырады. Дегенмен бала қоршаған ортаға әзірге белсенді араласа алмайтындықтан, өзіне жақсы таныс және өзінің санасында елеулі із қалдырған адамдарға еліктейді, сондықтан ойын олардың негізгі әрекеті болып табылады. Ұжымдық қызмет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері балалардың басқа топ мүшелерінің пікірін құрметтеуді, өздерінің ойын барысында атқаратын іс-әрекетін өз бетінше жоспарлауды, мақсатқа жету әдістерін үйренуіне ықпал етеді және ойын арқылы білім алуға, жаңаны тануға деген құштарлықтары артады. Сондықтан педагог жұмыс барысында ойындардың сан алуан түрлерін пайдалана отырып, балалардың ынтасын арттырып, алған білімдерін өмірде қолдана білу мен ізденімпаздық дағдыларын жетілдіре түседі. Ойын түрлерін тиімді пайдалану балалардың өмірге бейімделуіне, талпынуына көмектеседі.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Дамыта оқыту технологиясы. Тұрсынбаева Б.А. –Алматы, 2010ж.
2. Жаңа педагогикалық технология. Бұзаубақова К.Ж. Тараз: ТарМУ, 2013ж
3. Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану / Әдістемелік құрал / Атырау 2019

*Қуспанова Жанна Багизовна  
бастауыш класс мұғалімі,  
№ 28 орта мектеп, Ақтөбе қаласы,  
Қуспанова Анна Багизовна  
Бастауыш класс мұғалімі,  
№ 10 орта мектеп, Ақтөбе қаласы*

## **БАСТАУЫШ КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОГНИТИВТІ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ**

### **Аңдатпа**

Қазіргі таңда мектеп табалдырығын аттаған балалардың когнитивті қабілеттерінің дамуы нашар болып келеді. Оған гаджеттердің әсері де бар. Себебі балалар интернеттен қарап отырған нәрселерін соңына дейін қарамайды, шыдамы жетпейді. Ал бұл өз кезегінде зейіннің тұрақсыздығына әсер етеді. Ата-ана баласын мектепке әкелген уақытта алдын ала әріп, сан танып келгеніне мән береді де, ал осы когнитивті қабілеттердің дамуына мән бермейді. Ал когнитивті қабілеті дамымаған бала мектепке келісімен көптеген қиындықтарға тапс болады. Сондықтан мұғалімнің міндеті когнитивті қабілеттерді дамыта отырып, білім сапасын арттыру.

Мектеп бағдарламасын меңгеру барлығымызды: мұғалімдерді де, ата-аналарды да мазалайды. Бастауыш класс оқушыларының табысты болуына көптеген факторлар, яғни физикалық даму, мазалану деңгейі, өзін-өзі бағалауы, мектептегі және отбасындағы қарым-қатынастар, отбасының экономикалық және әлеуметтік жағдайы және т.б.



**ORLEU**  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ  
ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



# СЕРТИФИКАТ

Бисеналина Дамегуль Нагиевнаға

**«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР»**  
атты тәрбиешілерге, мұғалімдер мен оқытушыларға арналған  
X Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып,  
кәсіби деңгейде белсенділік танытқаны үшін берілді.

Выдан за активное участие в X Международной научно-практической  
конференции для воспитателей, учителей и преподавателей  
**«ИННОВАЦИОННАЯ ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ В ОБРАЗОВАНИИ»**

Is issued for active participation in the X International Scientific  
and Practical Conference for Caregivers, Educators, and Teachers  
**«INNOVATIVE DIGITAL TRANSFORMATION IN EDUCATION»**

12 мая 2023 года, г.Актобе



БСН 170840021548  
Лицензия МИР РК  
№17264-Ж 05.09.2018г  
Тіркеу СФТКН№111

Ректор Наманганского государственного  
Педагогического института  
**М.Р.Кадирханов**



Ректор Западно-Казахстанского  
Инновационно-технологического  
университета  
**Б.Т.Шакешов**



Директор филиала АО «НЦПК «Өрлеу»  
«Институт профессионального  
развития по Актюбинской области»  
**Н.М.Абишева**



Доктор PhD академического научного  
департамента Южно-Казахстанского  
университета им.М. Ауэзова  
**У.Б. Назарбек**



Ректор Академии  
производственного  
управления  
**А.В Борщева**



Ректор Казахско-русского  
Международного университета  
**С.В.Сулима**



Вице-Президент Общественного Фонда  
«Фонд поддержки развития международного  
педагогического творчества и науки  
**Г.А.Такишева**

